

## Сансызбай Абылай Рысбайұлы 60 жаста



Қазақстан Республикасы ветеринария және биология ғылымының білікті маманы, ветеринария ғылымының докторы, профессор, ҰҒА корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым Комитетінің «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты» РМК бас директоры **Сансызбай Абылай Рысбайұлы** 60 жасқа толды.

Абылай Рысбайұлы 1958 жылы 30 қаңтарда Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Жамбыл ауылында дүниеге келіп, 1980 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын үздік бітіріп, 1984 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық эксперименттік ветеринария институтының аспирантурасын, содан кейін 1992 ж. сол аталған институттың докторантурасын бітірген.

Еңбек жолын Қазақтың ветеринария ғылыми-зерттеу институтында бастап барлық ғылыми лауазымдық сатыдан өтті: аға лаборанттан бастап кіші, аға ғылыми қызметкер, зертхана меңгерушісі, 1994–1997 жж. директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасарынан, 1997–2003 жж. институт директоры лауазымына дейін көтерілді.

2003–2004 жж. «Ветеринария және мал шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» РМК бас директоры, 2004–2008 жж. «Ғылыми зерттеу ветеринария институты» ЕМК директоры қызметін абыроймен атқарды. 2008–2010 жж. Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің ғылым және инновациялық жұмыстар бойынша проректоры болып қызмет істеді. 2010 жылдан қазірге дейін ҚР БҒМ ҒК «Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты» РМК бас директоры болып қызмет істейді.

А. Р. Сансызбай биология және аграрлық ғылымға зор үлес қосқан ғалым, іскер ұйымдастырушы ретінде танылды. Қай жерде жұмыс істесе де, абырой биігінен көрініп отырды, іскер маман, басшы, өз ісіне берілген еңбексүйгіштігімен, парасаттылығымен, ұжым алдындағы келелі мәселелерді шеше білумен басқаларға үлгі бола білді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары азамат екенін таныта білді, сол қасиеттерінің арқасында шәкірттері мен әріптестерінің арасында айрықша құрметке, лайықты беделге ие болды. Абылай Рысбайұлының ғалым болып қалыптасуына Мәскеу қаласында аспирантура мен докторантурада білім алғандығының айтарлықтай әсері болды. 2004 жылы өзінің төл институтына оралғанда, ол шығармашылық қуаты мен өзіне тән құлшыныспен ветеринария саласында жаңа жоспарлар мен ойларын іске асыруға кірісті. Айтар болсақ ветеринария саласына жаңа диагностикалық және терапевтикалық биопрепараттар шығаруды

мақсат етіп жолға қойды. Еліміз үшін аса маңызды болып саналатын бірқатар маңызды жобалар профессор А. Р. Сансызбайдың жетекшілігімен және тікелей қатысуымен республикалық және халықаралық бағдарламалар жүзеге асырылды. Заманға сай ғылымға қойылатын талап та өзгерген ендігі жерде талмай еңбек етуінің арқасында биология саласындағы ұйымның жұмысы да айтарлықтай жақсарды.

Абылай Рысбайұлы 400 ден аса ғылыми еңбек жазып жариялады, оның ішінде 12 монография мен кітап, өнертабысқа берілетін ҚР 111 патенті мен алдын ала патентінің иегері, тікелей жетекшілігімен 7 ғылым докторын, 17 ғылым кандидатын, 2 философия докторы (PhD), 5 магистр дайындап шығарды. Ғалым, педагог ретінде Қазақстан ғылымы мен біліміне сіңірген айрықша еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Парасат» орденімен, «Қазақстан Республикасының Егемендігінің 20 жылдығы» медалімен марапатталды. ҚР БҒМ Мемлекеттік А. М. Бараев атындағы стипендиясының лауреаты, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының «Құрметті азаматы», VI шақырылған Жамбыл облыстық маслихатының депутаты. Бірнеше Құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталды.

Сіз еліміздің игілігі үшін табандылықпен, мақсаткерлікпен еңбек істеп, өзіңіздің терең біліміңізбен, бай тәжірибеңізді тәуелсіз еліміздің ғылымының дамуына және өркендеуіне жұмсап келесіз. Ел ағасының жасы 60 жасқа келдіңіз, ғалым ретінде толыққан уақытта әлі де бергеніңізден береріңіз көп екеніне, үлкен шығармашылық табыстарға жететініңізге сенімдімін. Елімізге істеген еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз, алдағы уақытта жалғасын табады деп сенемін. Ағайын-туыстың, әріптестеріңіздің құрметіне бөленіп немере шөберелердің күлкісіне, ұл қыздарыңыздың жеңісті шақтарын көрген бақытты сәттеріне бөленіп, жұбайыңыз Бақытгүл екеуіңіз ұзақ та мәнді ғұмыр кешіңіз.

Абылай Рысбайұлын 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылық табыс, қажымас қайрат, отбасына бірлік, дастарханына Алла береке берсін, Рухыңыз биік болсын деп тілеймін!

*Сүлейменов М.Ж.,  
ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты»  
РМК бас директорының  
ғылым бойынша орынбасары*